

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ
атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі
З.С. Тоқыбаев _____

2016 жыл «_____» _____

**ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫ
пәнінің жұмыстық оқу бағдарламасы (КОФ, СОФ, БА және КҚДИ)**

ККЕ 2230 ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы
(код және пән атауы)

5В030300 құқық қорғау қызметі
(шифр, мамандық атауы және мамандық тобы)

Сағат саны __60__

Қарағанды 2016

Жұмыстық оқу бағдарламасы 2006 жылғы 22-ші маусымдағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес отырысында өткен хаттаманың шешімімен бекітілген типтік оқу бағдарламасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылдың 06 тамызындағы № 412 бұйрығымен бекітілген 5B030300-Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге ала отырып, жасалынды.

Құрастырған: Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., полиция майоры М.Е. Уалиев

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы кафедра мәжілісінде талқыланды
2016 ж. «24» мамыр № 19 хаттама

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесіне ұсынылып, мақұлданды

2016 ж. «15» маусым № 10_ хаттама

Түсінік хат

КІРІСПЕ

1.1. Пәннің аннотациясы –

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық, адамгершіліктік және эстетикалық мәдениетін арттыру ішкі істер органдарының негізгі істерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты курсанттар үшін қоғамда болып жатқан әр түрлі процестерді дұрыс талдап білу және демократиялық қоғамның адамгершіліктік және рухани байлығын қоғамда кездесетін құбылыстар мен қылмысқа қарсы қоя білу ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Оқылатын пәннің негізгі міндеттерінің бірі ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби моральының қағидаларын курсанттарға терең ұғындыра білу, сонымен қатар қоғамдық-саяси, заң және арнайы пәндермен өзара органикалық байланыста көрсету; патриоттық сезімді дамытып, қоғамға қарсы құбылыстарға жол бермеу; адамгершіліктік-кәсіби деформацияға қарсы тұра білу.

Оқылатын пән мәдениетке, тәрбиеге, өзара қарым-қатынастарды дұрыс жолға қоя білуге көп көңіл бөледі. Жалпы философиялық дүние танымдық түсініктер құқық қорғау органдарының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты қарастырылады.

Оқылатын пәннің жалпы логикасы қоғамда болып жатқан демократияландыру, гуманизм және әлеуметтік өзгерістерге объективті түрде баға беріп, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің рухани дүниесінің қиын да қарама-қайшы жақтарын ашып, олардың адамгершіліктік-құқықтық негіздерін көрсету.

Оқылатын пән әрбір курсанттан теориялық біліммен қатар өзінің өмірлік көзқарасын шындандыру үшін әртүрлі диспуттарды, дөңгелек үстелдерді, сюжеттік ойындарды қамтиды.

1.2. Пәннің білім берудегі мақсаты:

1. Берілген пәннің негізгі категориялары мен міндеттері, пәндері жөнінде ұсыныстарды қалыптастыру.

2. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби моральының қағидаларын курсанттарға терең ұғындыра білу.

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жоғарғы адами бейнесін қоғамдық-саяси, заң және арнайы пәндермен өзара органикалық байланыста қалыптастыру.

4. Патриоттық сезімді дамыту, қоғамға қарсы құбылыстарға жол бермеу, адамгершіліктік-кәсіби деформацияға қарсы тұра білуге үйрету.

1.3. Пәнді оқытудағы міндеттер:

1. Мемлекеттік саясатты қолдау барысында курсанттарды патриоттық рухта тәрбиелеу.

2.Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық, адамгершіліктік және эстетикалық мәдениетін арттыру - ішкі істер органдарының басты міндеті болып табылады.

3.Қоғамда болып жатқан әр түрлі процестерді дұрыс талдап білу және демократиялық қоғамның адамгершіліктік рухани байлығын қоғамда кездесетін құбылыстар мен қылмысқа қарсы қоя білу курсанттар үшін ең негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

1.4. Білім беру жүйесіндегі пәннің орны мен рөлі:

Кафедрада жасалған оқу жұмыс бағдарламаларына, этикалық тұжырымдамалардың негізіне сүйене отырып, қоғам дамуының қазіргі тенденцияларына, құқықтық мемлекет және демократизациялау, гуманизациялау принциптеріне негізделеді.

Курсты оқытудың негізгі міндеті тәрбиелік бағытта жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі» №153 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын арқау етіп курсанттарға білім беру. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес ҚР мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Ішкі істер органдарында қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәнін оқытудың әдістемелік қамтамасыз етілуі

Оқытудағы әдістемелік қамтамасыз етілу мемлекеттік және орыс тілдерінде оқу бағдарламалары, семинар сабақтарының жоспарлары, дәріс қорлары материалдары негізінде жүргізіледі.

«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәні бойынша оқу жұмыстың түрі мен көлемі

	Еңбек көлемінің сағаттары						Білімді қорытынды бақылаудың нысаны (семестрлер бойынша)		
	Сағаттардың барлығы	Соның ішінде аудиторлық	Соның ішінде дәрістер	Соның ішінде: семинар.	Соның ішінде: тәжіриб.	Емтихан	сынақ	Курс. жұмыс	
Заңгердің кәсіптік этикасы									
Оқу жұмыс жоспары	60	60	26	24	10		7 сем		
Пән бойынша типтік бағдарлама	60	60	26	24	10		7 сем		
Кафедраның жұмыс бағдарламасы	60	60	26	24	10		7 сем		

Күндізгі оқу факультетінің курсанттарына арналған «ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» курсы бойынша тақырыптық жоспар

№ р/р	Тақырыптың атауы	Барлығы	Дәріс	Семинар	Тәжірибелік сабақ	Бақылау және іске асыру нысаны
1	Этика ұғымы және оның пәні.	4	2	2	-	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
2	ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының пәні, міндеті, ерекшелігі.	4	2	2	-	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу, тест тапсырмаларын орындау.

3	ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары.	8	4	2	2	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
4	Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері.	4	2	2	-	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, тест тапсырмаларын орындау, межелік бақылау.
5	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің істеріндегі моральдың жүзеге асыру ерекшеліктері.	4	2	2	-	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
6	Ішкі істер органдары қызметіндегі моральдық таңдаудың мәселелері.	4	2	2	-	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
7	Ішкі істер органдарының жеке мамандықтар қызметінің ізгілікті-этикалық негіздері.	6	2	2	2	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
8	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті.	6	2	2	2	
9	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің	6	2	2	2	

	кәсіби деонтологиясы.					
10	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие жүйесі.	4	2	2	-	
11	ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі әдептілік.	6	2	2	2	
12	Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы.	4	2	2	-	
	Барлығы	60	26	24	10	

Пәннің қысқаша мазмұны

1-тақырып. Этика ұғымы және оның пәні.

Этика тарихы: этиканың негізгі кезеңдері және бағыттары. Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері. Антикалық этика. Ізгілік туралы орта ғасырлық ілім. Жаңа кезең этикасы. Қазіргі этика теориялары.

Демократиялық қоғам үрдісіндегі адамгершіліктік және құқықтық ойлаудың, саяси және құқықтық жүйенің рухани мәдениеті мен қайта құрудың міндеттері.

Заңгерлердің кәсіптік этикасы пәні. Этика мен эстетиканың философиялық-гуманитарлық білім жүйесіндегі орны.

Пәннің міндеті – әлемдік ғылыми көзқарасты қалыптастыру, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби мәдениетін арттыру.

2-тақырып. ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының пәні, міндеті, ерекшелігі.

Методология және заңгердің кәсіби этикасының әдістері. Кәсіби этиканың міндеттері. Құқық қорғау органдары қызметкерінің кәсіби этикасының ерекшеліктері. Заңгердің кәсіби этикасындағы зерттеу әдістері. Кәсіби этиканың нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі. Кәсіби этиканың басқа пәндермен байланысы.

3-тақырып. ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары.

Этика категориялары адамгершіліктік құндылықтарды тану ретінде. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметі - адамның дүниеге деген құнды адамгершіліктік қатынасын табу формасы ретінде.

Жақсылық пен жамандық этика категорияларының орны болып табылады. Жақсылық пен жамандық жалпы адамзаттық және нақты-тарихи мазмұн ретінде. Өмір мағынасы. Полиция қызметкерлерінің ісіндегі өмір мазмұны.

Әлеуметтік жамандықпен күрес: қылмыспен, құқық бұзушылықпен, жемқорлықпен, парақорлықпен, бюрократизммен, алдау-арбаумен күрес – жақсылықты берік ұстау болып табылады.

Құқық қорғау қызметіндегі әділеттілік принципі – адамгершіліктік және құқықтық норма, кәсіби талап ретінде. Құқық қорғау органдарының құқық қорғау практикасындағы әділеттілік диалектикасы. Құқық пен құқық қорғау қызметіндегі әділеттілік.

Заңдылық – саяси-заңдық және әлеуметтік құбылыс ретінде. Заңды сыйлау тұлғаның адамгершіліктік даму қажеттілігінен туындайды. Мәдениет пен заңдылықтың өзара байланысы. Тұлғаны құқықпен және бостандықпен қамтамасыз ету - мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің заңдық және моральдық міндеті ретінде. Мемлекеттің құқықтық-шығармашылық функциясы – адамгершіліктік мағынаны білдіреді.

Кәсіби парыз, ар, намыс, ұят – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік ақыл-ойының бақылау-реттеу механизмі ретінде.

Өмірдің мәнінің факторы идея болып табылады. Ол өмірге толықтай түсінік береді, сонымен қатар адамгершіліктік заң, парыз түрлері қатысады.

Жамандық пен жақсылықтың өзара байланысы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рухани әсемдіктің объективті негізі ретінде. Сенімділік, парызға адалдық – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ісіндегі ерлік адамгершіліктің негізі болып табылады. Адамгершіліктік-ерліктік мағынасы қылмысқа қарсы күресте жоғары тұрады. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің күнделікті қызметіндегі ерліктер.

4-тақырып. Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері.

Моральдың пайда болуы. Адамгершіліктік қатынастардың дамуы мен қалыптасуындағы еңбектің рөлі.

Моральдың құрылымы: адамгершіліктік түсінік, адамгершіліктік қызмет, адамгершіліктік қатынас. Қоғам өміріндегі моральдың функциялары. Моральдың тарихи түрлері. Әлеуметтік дамудағы адамгершіліктік-қоғамдық қатынастарды жетілдірудің заңдылығы ретінде. Философиялық этика - құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби этикасының методологиялық және теоретикалық негізі ретінде. Республикада қазіргі жағдайда әлеуметтік-саяси қатынастардың дамуы кезеңінде құқық қорғау органдары

қызметкерлерінің кәсіби қызметінде адамгершіліктік бастамалар рөлін арттыру.

5-тақырып. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің істеріндегі моральдың жүзеге асыру ерекшеліктері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби ісіндегі әлеуметтік практиканың әртүрлілігі ретінде. Мақсат, құралдар, кәсіби қызметтің әдістері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби моралі – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі адамгершіліктік танымы ретінде.

Кәсіби моральдағы жалпы және нақтылық, таптық және жалпыадамзаттық.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамға қарсы құбылыстармен күресінің түрлері мен формалары. Құқық қорғау органдарының өмірдегі зиянды нәрселермен күресі: маскүнемдікпен, алкогольдік ішімдіктермен, нашақорлықпен, таксикомандықпен, жезөкшелікпен және басқа да зиянды құбылыстармен күрес – қоғамдағы мықты адамгершіліктік-саяси жағдайларды орнату ретінде.

Құқық қорғау органдарындағы әр түрлі қызметтегі қызметкерлерінің құрылымы және адамгершіліктік қатынастар жүйесі: құқық бұзушылармен, есепте тұрған тұлғалармен, сотталғандармен, тұрғындармен, сонымен қатар қызметкерлер ұжымында тұлғааралық қатынастар жасау.

Кәсіби-адамгершіліктік танымның құрылымы: моральдық құндылықтар, принциптер мен идеалдар, түсініктер мен нормалар.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жалпы және кәсіби этикасының функциялары: танымдық, бағалаушылық, реттеушілік және тәрбиелілік.

Демократия дамуының жағдайындағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби этикасының міндеттері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне кәсіби сапалыққа, адамгершіліктік мәдениетке талаптар қойылады: сенімділік және өмір үрдісінің күрделілігін терең түсіну, сезім және ойлау мәдениеті, іс пен сөздің бірлігі, принципшілдік және бірге қатысушылық, адамдарға қатысты заңдарды қатаң сақтау, ұйымшылдық және тәртіп орнатушылық.

6-тақырып. Ішкі істер органдары қызметіндегі моральдық таңдаудың мәселелері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби этикасындағы моральдық таңдау мәселелері. Моральдық таңдаудың субъектісі: мақсаттардың, құрамдардың және нәтижелердің диалектикасы, себептердің өзара байланысы, моральдық таңдаудағы психологиялық ойлау мен ішкі сенімділік.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің моральдық таңдаудағы бостандық, қажеттілік және жауапкершіліктік. Қылмысты жедел

іздестірушілер, учаскелік инспекторлар, тергеушілер қызметіндегі моральдық таңдаудың адамгершіліктік-құқықтық қатынасы.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ісіндегі кәсіби тәуекел ету. Тәуекел ету – жекелеген топтағы адамдардың қоғамға қарсы тырысуы және қоғамның адамгершіліктік құндылыққа қарсы пайдалану құралы ретінде. Тәуекел ету типологиясы.

Жедел жағдайлар, оның адамгершіліктік мазмұны, кәсіби қолданудың шекаралары.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ісіндегі шиеленіс жағдайлар, моральдық таңдау және адамгершіліктік іс жасау. Құқық қорғау органдары қызметіндегі шиеленістің пайда болуының объективті және субъективті себептері.

Экстремальдық және шиеленіс жағдайындағы классификациялар: жалпы тәртіпсіздік, қашу, қарулы қылмыскерді қарусыздандыру, қарақшылық тонаулар, қаруды пайдалана отырып өзін-өзі қорғау және т.б.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің экстремальдық және шиеленістік жағдайларының алдын алудағы құқықтық танымы мен адамгершіліктік рөлі.

7-тақырып. Ішкі істер органдарының жеке мамандықтар қызметінің ізгілікті-этикалық негіздері.

Құқық қорғау органдары қызметкерінің қызметіндегі ізгілік негіздері. Адвокат, заңгер кеңесшісі қызметінің ізгілік негіздері. Прокуратура қызметкерінің этикасы. Қаржы полициясы қызметкерінің және т.б. қызметінің ізгілік негіздері.

Ар-ұждан кодексі құқық қорғау саласындағы жұмыскер қызметінің ізгілікті-кәсіптік негізі ретінде. Заң мамандығы өкілдерінің қызметін құрайтын жеке ізгілік. Практикалық қызметте жұртшылықтың көмегін пайдаланудың моральдық-этикалық құрайтындары. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесудің ізгілікті аспектілері.

8-тақырып. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті.

Қатынас – қоғамдық қатынастардың жекелеген түрі ретінде. Мәдениет қатынасы – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік-эстетикалық мәдениетінің негізгі бөлігі ретінде.

Қатынас түрлері. Мәдени қатынасының негізгі түрлері: тәртіп мәдениеті, сыртқы пішін мен сөйлеу мәдениеті. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мәдениет қатынасы функциялары: өзара түсіністік, өзара сезімділік, рухани құндылықтарды тіркеу, рухани әлемді байыту, қатынасып жүргендер өзін-өзі бекіту, біріккен қызметтегі ұйымдастырушылық, құқықтық тәртіп органдары мен заңдарына себептік қатынастар қалыптастыру.

Тәртіп мәдениеті мен қызметтік этикеттің адамгершіліктік мазмұны, оның нормалары: сыпайылық, өзінің арын сезіну және адамдарға себепті қатынастар жасау.

Қатынас үрдісінің формалары. Тәртіптің түрі мен стилі. Сөйлеу мәдениеті: ойлау, ойын дұрыс әрі нақты жеткізу икемі, ойлау еркіндігі, жағдайға байланысты сөйлеудің дұрыстығы.

Тәртіп мәдениетіне қарсы түрлері: өзімшілдік, өзін-өзі ұстай алмаушылық, сөйлеу мәнерін жоғалту және т.б.

Сыртқы пішіннің мәдениеті – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жан-жағына және өзі-өзіне эстетикалық қатынасын жақсарту ретінде. Киімнің дұрыс киюін қадағалау: тартулы, жөнделулі, тартымды.

Қызметтен тыс қатынастардың этикасы. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмыстан тыс уақыттағы қатынастың мазмұны мен маңызы.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жанұясындағы адамгершіліктік негіздері және оны берік ұстау жолдары. Құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің қызметтен тыс уақытта тұлғалық мәдениетін тұрақтандыру және қызметтік ісін жалғастыру. Әдеттердің, ұлттық және жанұялық дәстүрлердің, салттардың қызметтен тыс уақытта құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тәртібіне әсер етуі.

Тұлғааралық қатынастың саяси және адамгершіліктік мәдениетінің көтерілуі – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби өсу факторы ретінде.

9-тақырып Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби деонтологиясы.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби деонтологиясының түсінігі, мәні және міндеттері. Жедел іс қызметкерінің этикасы мен қызметтік міндеттері, процессуальдық істегі этикалық аспектілер. Тергеуші қызметіне этикалық талаптар. Тергеуші қызметіндегі адамгершіліктік принциптер мен нормалар.

Учаскелік инспектордың этикасы мен негізгі міндеттері. Учаскелік инспекторлардың кәсіби қызметі және олардың адамгершіліктік-құқықтық түрлері, тұлғаның адамгершіліктік мәдениеті.

Басшының этикасы. Басшының негізгі міндеттері мен принциптері. Ұйымдастырушылық – құқықтық реттеу және ұжымды басқару, қызметтік міндеттерді орындау. Оның қатынас түрлері.

10-тақырып. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие жүйесі.

Тәрбиенің түсінігі мен жүйесі. Адамгершіліктік тәрбиенің мәні мен міндеттері. Тәрбиелеу диалектикасы және өзін-өзі тәрбиелеу. Құқық қорғау органдары жүйесіндегі адамгершіліктік және эстетикалық тәрбие. Құқық

қорғау органдарындағы сапалы кәсіби қызметкерлер мен олардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы рөлдері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие принциптері: тәжірибемен үзіліссіз байланыс, жалпы қоғамдық, сабақтастық, кешендік, белсенділік және қайраткерлік.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбиелеудегі негізгі түрлері мен құралдары. Әлеуметтік әділеттілік пен заңдылық үшін күрестегі құқық қорғау ісіндегі адамгершіліктік тәрбие мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің шығармашылық белсенділігі.

Құқық қорғау органының кәсіби дәстүрі мен ритуалдары және оның құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік жетілдірудегі атқаратын рөлі. Қызметтік заттық орта - адамгершіліктік тәрбиенің құралы ретінде

Дене тәрбиесі мен спорттың адамгершіліктік мәні. Құқық қорғау органдары ұжымындағы адамгершіліктік-психологиялық атмосфераның дамуы: сындар, пікірлер және жауапкершілік.

Өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері. Өзін-өзі тәрбиелеудегі философиялық моральдар: маркстік, фрейдтік, экзистенциалдық. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзін-өзі тәрбиелеу үрдісіндегі негізгі мәселелер.

2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы.

11-тақырып. ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі әдептілік.

Этикет туралы түсінік. Этикет түрлері. Құқық қорғау органдары қызметкерінің этикеті және имиджі. Сәлемдесу және танысу этикеті. Адамның сыртқы келбеті. Құқық қорғау органдары қызметкерінің сыртқы келбет ерекшеліктері.

12-тақырып. Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы.

Ізгілік жанжалдың түсінігі. Жанжалдың моральдық құрылысы. Тәжірибедегі жанжалдың оң және теріс рөлі. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің моральдық жанжалдары. Пікір-таласты, жанжалды шешу этикасы.

Пәннің технологиялық картасы (оқу-әдістемелік карта)

№ п/п	Тақырыптың атауы	Оқу сабақтардың түрі	Типтік бағдарламаға қосымша болып табылатын сұрақтар	ТҚҚ және жариялығы	Типтік Бағдарламаға енгізбеген әдебиеттер	Басқа пәндермен өзара байланысы	Бақылау түрі
-------	------------------	----------------------	--	--------------------	---	---------------------------------	--------------

4 курс 7 семестр

1.	Этика ұғымы	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар	-	ПО қызметін	Ауызша сұрау,
----	-------------	----------------	---	-----------------------	---	-------------	---------------

	және оның пәні.			және басқада техникалық құралдар қолдану		дегі педагогика және психология	реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
2	ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының пәні, міндеті, ерекшелігі.	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметін дегі педагогика және психология	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.
3	ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасының категориялары.	Дәріс, семинар, тәжірибелік	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	Философия	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу
4	Мораль. Мораль функциялары, оның құрылымы және элементтері	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	Философия	Ауызша сұрау, рефераттар талқылау, тест тапсырмаларын орындау, межелік бақылау
5	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің істеріндегі моральдың жүзеге асыру ерекшеліктері.	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	Философия	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап алу.

6	Ішкі істер органдары қызметіндегі моральдық таңдаудың мәселелері.	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	Философия	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтаға жауап алу, тест тапсырмаларын орындау
7	Ішкі істер органдарының жеке мамандықтар қызметінің ізгілікті-этикалық негіздері.	Дәріс, семинар, тәжірибе лік	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметіндегі педагогика және психология.	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.
8	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік қарым-қатынас жасау мәдениеті.	Дәріс, семинар, тәжірибе лік	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметіндегі педагогика және психология.	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.
9	Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби деонтологиясы.	Дәріс, семинар, тәжірибе лік	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметіндегі педагогика және психология.	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтаға жауап алу, тест тапсырмаларын орындау
10	Ішкі істер	Дәріс,	-	Слайдтар,	-	ПО	Ауызша

	органдары қызметкерлерінің адамгершіліктік тәрбие жүйесі.	семинар		проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану		қызметін дегі педагогика және психология.	сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтаға жауап алу, тест тапсырмаларын орындау
11	ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі әдептілік.	Дәріс, семинар, тәжірибелік	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметін дегі педагогика және психология.	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.
12	Жанжал және оның моральдық-ізгілік құрылысы.	Дәріс, семинар	-	Слайдтар, проекторлар және басқада техникалық құралдар қолдану	-	ПО қызметін дегі педагогика және психология.	Ауызша сұрау, реферат талқылау, бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтаға жауап алу, тест тапсырмаларын орындау

ОЖБ-ға қосымша**САБАҚТАС ПӘНДЕРІМЕН КЕЛІСІМ ХАТТАМА**

Пән	Оның негізгі бөлімдері, тақырыптары	Жұмыс бағдарлама бойынша сағаттын көлемі	Пән берілетін семестр	Кафедра	Кафедра бастығының қолы
ПО қызметіндегі педагогика және психология.	1,2,7,8,9,10, 11,12 тақырыптар	90	6	Педагогика және басқару теориясы кафедрасы	
Философия	3,4,5,6 тақырыптар	135	1	ЖББП кафедрасы	

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. (өзгерістер мен толықтырулар 2011 ж.).

2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996

4. 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы.

5. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Заңы. (өзгерістер мен толықтырулар).

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі» туралы №153 Жарлығы.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. 2015 жылғы 20 мамыр.

8. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты жыл сайынғы Жолдауы. Астана, 30.11.2015 ж.

9. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2004

10. М.Е. Уалиев. Заңгердің кәсіптік этикасы. Оқу құралы. – Қарағанды, 2012 жыл.

11. Ибрагимов М. М., Куличенко В.В., Съедин Б.Г. Профессиональная этика и эстетическая культура сотрудников ОВД. – Киев, 1990